

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Оқу-спорт орталығы"
республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 17 сәуір N 587

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 Заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығы бар "Оқу-спорт орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорыны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Кәсіпорынның мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асырушы орган ретінде Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі белгіленсін.

3. Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні мынадай болып анықталсын:

- 1) спорт ғимараттарын, спорттық жабдықтарды басқарумен және пайдаланумен байланысты қызметтерді жүзеге асыру;
- 2) спорт ғимараттарын ұстау, дамыту және құрылысы.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі заңдармен белгіленген **т ә р т і п т е :**

1) Кәсіпорынның жарғысын бекітсін және оны әділет органдарында тіркеуден өткізуді қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі